

ӘОЖ 338

А.Б. Саурамбекова

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.

E-mail: bonita.123@mail.ru

Аймақтық әлеуметтік-экономикалық ахуалының жоғарылауына мүмкіндік беретін өнеркәсіп саласын дамыту аспектілері

Андатпа. Жұмыстың терминдеріндегі жүйе мағынасы бір-бірімен байланысты және айқындалған, бірлікті құрастыратын қарым-қатынастағы элементтердің реттелген жиынтықтарын түсіндіреді. Бұл мақалада аймақтарға экономикалық өсуге жету арқылы бүкіл республикалық экономиканы жақсартуды қамтамасыз ету көрсетілген. Жалпы аймақтық экономиканың негізгі тапсырмасы аймақтардың экономикалық және әлеуметтік даму стратегиясын жасап шығару болып табылады.

Түйін сөздер: аймақтық әлеуметтік-экономикалық даму, индустриялық даму, нарықтық экономика, өнеркәсіп саласы, мемлекет, экономика, қоғамдық өндірісті индустриялизациялау.

Елде экономиканың серпінді дамуы және халықтың әл-ауқатының артуы экономиканың әртүрлі салаларының электр және жылу энергиясына өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесі барынша өзекті мәселе болып отыр. Әлем бойынша күтіліп отырған халық санының айтарлықтай артуы мен бүгінгі таңда көмір, газ, мұнай сияқты негізгі энергия көздеріне негізделген энергия тұтынудың әлемдік болжамдық ұлғаю жағдайында олар күннен-күнге қарқынды түрде азайып келеді және әртүрлі болжамдар бойынша ХХІ ғасырдың екінші жартысында таусылуы да мүмкін, бұл жаңа энергетикалық технологияны уақтылы дайындауды өзекті мәселе етіп отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында бірінші кезекте экономиканың тұтастай үдемелі және тұрақты дамуына сенімді негіз бола алатын жоғары технологиялар мен ғылымды қажет ететін өндірістерді кең ауқымда енгізу есебінен ел экономикасының дамуы айтарлықтай жеделдетудің стратегиялық (strategy) міндеті тұжырымдалады [1, 8-17 б.].

Еліміздің индустриялық-инновациялық дамуын іске асыру алдағы жылдардағы басты бағыт болып табылады. Экономиканы әртараптандыру «таяудағы онжылдықта тұрлаула да теңдестірілген дамуды жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады»

деді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арналған жолдауында.

ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Үкімет Жедел индустриялық-инновациялық (Industrial – Innovation) дамудың мемлекеттік бағдарламасы мен және елді индустрияландырудың егжей-тегжейлі картасын әзірледі. Бұл құжат – таяудағы бес жылда нені, қайда және қашан салатыны жөніндегі толық іс-қимыл жоспары.

Мемлекетте болып жатқан қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер өзінің тереңдігі және көлемі жағынан шексіз. Бұл өзгерістердің салдары реформалаудың мақсатының, жолының және міндеттерінің өзгешеліктерін тек пікірді білдіріп қана қоймай, сонымен қатар оның тәжірибелік шешімдерін түпкілікті ойластыруды қажет етеді. Нарықтық экономикаға көшу кезеңінен бері болып жатқан өзгерістерге жаңа жүйеде теориялық негіз құру, қоғамдағы ғаламдық өзгерістерді іске асыру ерекше ғылыми тұжырымдама болып табылады [2, 47-49 б.].

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы стратегиялар мен жоспарлардың жоғары деңгейде жасалынып, орындалуынан екені анық. Әлеуметтік-экономикалық (socio-economic) саясатта аймақтық аспектінің қатысы еріксіз бола-

ды. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық даму аймақтық экономикалық саясатпен бірге қарастырылып шешімі бірге табылуы қажет.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарды теориялық тұрғыдан талдағанда, мемлекеттің реформалық және оның ішінде аймақтардың дамуы барысында өндіріс өнеркәсіптерін басқарудың негізгі негіздерін ұстандық:

- нарықтық экономиканың мәні мен әдістеріне байланысты реформаны басқару, әсіресе мемлекеттік реттеуде өнеркәсіп өндірісін дамыту мақсатында салынатын салықтарды жеңілдету, несие саясатының әдістері, бағытты бағдарламалар және тағы басқалармен қамтамасыз ету;

- мемлекет экономикасын дамытып, жандандыруда бағытты басқаруда – ол елде болашақта өндірістердің құлдырауын болдырмау, тоқтап тұрған кәсіпорындары бар аймақтардың негізгі мәселелері жұмыссыздыққа, әлеуметтік мәселелердің шиеленісуіне соқтырады, ол сол жерде халықтың өмір сүру деңгейіндегі теңсіздікке тұтыну көлемінің азаюына, экспорттық мүмкіншіліктердің кемуіне, ғылыми-техникалық әлеуеттің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бағытты басқару мақсатты түрде мемлекеттік өндірістердің жұмыс істеуіне түрлі көмек беру;

- бағытты түрде реформаны дамытуды басқару – ол құрылымды инвестициялық және өнеркәсіп саясатының басымдықтарын анықтау арқылы шетел және отандық инвестицияларды тарту;

- бюджет алдында барлық меншіктердің теңдігі;

Сонымен, бірінші және төртінші негіздер макроэкономикалық (macroeconomic) әдістермен іске асырылады. Екінші және үшінші негіздер бағытты бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

Өнеркәсіп саласы ел экономикасының негізгі жетекші саласы, басқа салаларды және қоғамдық өндірісті индустриализациялауда шешуші фактор ретінде қызмет атқарады [3, 205-209 б.].

Экономика – аймақтың өндірістік әлеуеті, оның табиғи ресурстарын біліп, ескермей дамыту мүмкін емес. Сондықтан демографияда, еңбек ресурстарында, әлемдік шаруашылықта Қазақстанның алатын орны, еліміздің аймақтарындағы экономикалық даму қарқыны, ерекшеліктері – бәрі ескеріліп, талдау жасалып, дұрыс шешімдер қабылдануына үлкен әсерін тигізеді. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық

даму барысында аймақтардың және олардың билік ететін органдарының рөлі арта түсуі тиіс. Сонымен қатар республиканың барлық аймақтарында әлеуметтік-экономикалық жобаларды, оның ішінде өнеркәсіп өндірісін дамытуды, индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыру жолымен қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын жергілікті жерде жақсарту, менің пікірімше, елдегі барлық халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады [4, 202-206 б.].

Осыған байланысты, өнеркәсіп саласының стратегиясын зерттеу және жетілдіру әлеуметтік-экономикалық дамудың доминанты ретінде қарастырылып, оның ішінде өнеркәсіп саласын дамытуда, оның әлеуметтік салаға тигізетін әсерінің ғылыми негізделген шешімдерін ұсыну, аймақ әлеуетін ұтымды пайдалану бағыттарын айқындау өзекті мәселе болып отыр.

Өнеркәсіп саласын қалыптастыру мен дамытудың экономикалық негізі әлеуметтік-экономикалық әлеуетті көтереді және нарықтық қатынастарды дамыту болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық дамытудың тетіктерінің бірі – қаржыландыру қаражаттары. Белгілі бір өндірістің шығындарын қаржыландыру, оны ғылыми негізде ұйымдастыру мәселелеріне де байланысты. Өндіріс шығындарының өзі тек қосымша құн табуға бағытталады. Егер мемлекет және облыс көлеміндегі экономиканың дамуына баға берсек, онда тек өндірістер ғана қамтылмай, банктер, бюджет, қаржы қорлары (зейнетақы, сақтандыру) әлеуметтік бюджеттік мекемелер түгел қамтылатын белгілі статистикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, қорытындылап, бір-біріне салыстырмалы қарауға болады [5, 341-343б.].

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиясын табиғи, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа аумақтық факторлары толықтай ескеріп, оларды мемлекеттік саясаттың барлық бағыттарында нақтылағанда ғана ғылыми тұрғыдан негізделген және жүзеге асуға мүмкіндігі жоғары болады.

Қазіргі уақытта республика кеңістігіндегі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларының біркелкі болмауы мемлекет тарапынан жүргізілетін аймақтық саясат ерекшеліктерін анықтайды. Осыған орай мемлекеттің аймақтық саясатының мақсаттары мен міндеттері, оларды жүзеге асыру механизмдерімен анықталады.

Мемлекет нарықтық қатынастардың дамуы

барысында кәсіпорындарға толықтай дербестік бере отырып, олардың шаруашылық қызметіне тікелей араласпағанымен, жанама түрде (салықтар (taxes), экологиялық (ecological), монополияға қарсы шектеулер (borders against monopolies) т.б.) араласады. Бұл нарық жағдайында кәсіпорындардың тиімді қызмет етуінің бір шарты деуге болады. Дегенмен, егер мемлекет аймақтармен дұрыс өзара қарым-қатынас орнатпаған болса, немесе халықтың өмір сүруін қамтамасыз ететін ортасы болып табылатын мемлекеттің барлық аумақтарының дамуы үшін жауапкершіліктен бас тартатын болса, онда жүргізіліп жатқан реформалардың оң нәтижеге жеткізбейтіндігі анық.

Демек, аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу олардың дамуының қажетті шарты.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің ерекше бағыты ретінде қарастырылатын аймақтық саясаттың қазіргі ерекшеліктерін қарастыру оның тиімді жүзеге асуына ықпалын тигізетіні негізгі мәселердің бірі болып табылады. Сондықтан да аймақтар дамуындағы қазіргі қалыптасып отырған жағдайды саралау және соған орай аймақтық саясаттың бағыттарын айқындау өзекті мәселеге айналды [6, 1-2 б.].

Кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында 2009 жылы 53560 млн. теңгенің өнімін өндірген, 2008 жылмен салыстырғанда 88,7%-ға артық. 2008 жылы 28376 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2005 жылғы деңгейден 304,9%-ға жоғарылаған. Кен өндіру өнеркәсібінде, негізінен, отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды және металл кендерін өндіру салаларын қамтиды және облыстың өнеркәсібінің 13,5%-ын құрайды. Кен өндіру өнеркәсібінің Созақ филиалы 2009 жылы 17095 млн. теңгенің өнімін өндіріп, 2005 жылға қарағанда 527,9% арттырған. Кен өндіру өнеркәсіп өндірісінің пресоналдарының құрылымы 2008 жылы 5745 мың адамды құрап, 2005 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан, сонымен бірге оның 4226 мың адамы жұмысшы, 1519 мың адам қызметкер болып жұмыс істейді.

Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында 2009 жылы 169183 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2008 жылға қарағанда 6,0% жоғары өндірген. 2008 жылы 159516 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2005 жылғы деңгейден 28,2%-ға артқан. “ПетроҚазақстан Продекс Ойл” компаниясы 2008 жылы 11084 млн. теңгенің өнімін өндіріп, 2005 жылмен салыстырғанда 165,4%-ға жоғары

өндірген. “Шымкент май”, Кентау экскаватор, Кентау трансформатор зауыттары тиесілі жылға 6608 млн. теңге – 31,9% жоғарылаған, 145412 млн. теңге – 9,5% төмендеген, 5308 млн. теңге – 384,3% жоғары өнім өндірген. Өңдеу өнеркәсіп өндірісінің пресоналдарының құрылымы 2008 жылы 27836 мың адамнан құралады, оның ішіндегі 21782 мың адамы жұмысшы, 6054 мың адам қызметкер болып жұмыс істейді.

Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу секторында 2009 жылы 24963 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, 2008 жылмен салыстырғанда 14,9%-ға жоғары. 2008 жылы 21724 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бұл 2005 жылмен салыстырғанда 121,9%-ға жоғарылаған. “Су ресурстары”, “Маркетинг-горводоканал” 2008 жылы 728 млн. теңгеге өнім өндіріп, 2005 жылмен салыстырғанда 45,1%-ға, №3 “Энергоорталық” 2008 жылы 2981 млн. теңгенің, яғни 2003 жылмен салыстырғанда 92,5%-ға жоғары өнім өндірген. Жалпы алғанда, өнім көлемінің ұлғаюы, негізінен, газ тәріздес отындарды өндіру мен бөлу өндірісінің, суды жинау, тазалау және бөлу өндірісінің, электр энергиясын өндіру және бөлу өндірісінде өндіру (бұл негізінен сатып алынған электр энергиясын тарату көлемінің өсуінен болған) бумен және ыстық сумен жабдықтау көлемінің артуынан орын алған. Электрэнергиясы саласындағы электр қуатын тарату өнеркәсіптері персоналдарының құрылымы 2008 жылы 7933 мың адамнан құралады, оның ішіндегі 5354 мың адамы жұмысшы, 2579 мың адам қызметкер болып жұмыс істейді [7, 350-354 б.].

Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекше мәселелермен сипатталатын әртүрлі аумақтарды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда және аймақтардың мамандандырылу қағидасына сәйкес республика аймақтарын төрт топқа бөлуге болады.

- шаруашылықтарының құрылымы экспортқа бағытталған;
- индустриялық дамыған;
- агроөнеркәсіптік;
- дағдарыстық.

Бірінші топқа – стратегиялық сипаттағы минералды ресурстардың айтарлықтай қорларын иеленетін және ғылыми-өндірістік әлеуетінің қарқынды дамуына жеткілікті мүмкіндігі бар, бірақ ауылдық аумақтарының экономикалық-әлеуметтік артта қалуымен, экологиялық

жағдайларының нашар болуы ерекшеленетін аймақтар. Бұл аймақтарға Қазақстанның экономикасын дағдарыстан шығару және тұрақтандырудың рөлі беріледі. Осы аймақтар топтары үшін төмендегідей мәселелер кешенін шешу қажет деп атап көрсетуге болады:

- минералдық шикізат және көмірсутек шикізаттарын кешенді өндірумен өндеудің жаңа технологияларын енгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бай жерлерді интенсивті игеру;

- отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климатты анықтайтын және әлемдік стандартқа жауап беретін жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды құру;

- ауылдық аумақтарының дамуындағы «жинақталған» күрделі мәселелерін (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, т.б.) шешу.

Екінші топқа ауыр индустрия салаларына нақты маманданған, жоғары технологиялық ғылыми жетістіктер қажет ететін өндіріс құру үшін қолайлы экономикалық жағдайлары бар және жоғары ғылыми-өндірісті әлеуеті бар, негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын аймақтар жатады.

Бұл аймақтарды дамытуда шешуді талап ететін мәселелер қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- шетел инвестицияларын тарту жолымен экспорттық әлеуетті қалыптастыру;

- жаңа ғылымды қажет ететін өнімдер шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологиялар негізінде құрал-жабдықтар мен машиналар, электроника құралдары, автомобиль құрылысы жаңа материалдар, лазер технологиясын дамыту;

- нарықтық инфрақұрылымды дамытуды жеделдету.

Үшінші топқа – ауыл шаруашылығына маманданған агроөнеркәсіптік кешенді аймақтарды жатқызамыз. Бұл топтағы аймақтар үшін халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауылшаруашылығы мен оған сабақтаса дамитын салаларда шағын және орта бизнесті дамыту қажет.

Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыру үшін келесідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс:

- ауылшаруашылық өнімдерін өндіру үшін тиімді мамандандыруды жүзеге асыру;

- ауылшаруашылық өнімінің жоғары сапалылығын және экспорттық әлеуетінің өсуін

қамтамасыз ететіндей өндірістік үдерістерге жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану;

- тұтыну нарығын тепе-тең түрде дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауылшаруашылығының және өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базасын нығайту, міндетті түрде өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру.

Төртінші топқа – қысылшаң (экстремальный (extreme)) табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және техника-технологиялық жағдайдағы, шаруашылықтың салалық құрылымы ұтымды емес дағдарыстық аймақтар, сонымен қатар экологиялық дағдарысқа ұшыраған аудандар жатады. Бұл аймақтарда жинақталған мәселелерден «арылу» үшін мемлекеттік реттеудің нақты шаралары қажет. Сонымен бірге осы топтағы аймақтардың дамуы үшін шешілуі тиіс мәселелер мыналар:

- экологиялық дағдарыстың тереңдеу үдерісінің алдын алу;

- осы аймақтарда тұратын халықтардың өмір сүруі сапасын және деңгейін көтеру үшін материалдық негіз құру жөніндегі нақты шараларды қабылдау;

- қоршаған табиғи ортасы бар адамдардың денсаулығына өте қауіпті ауылдық аймақтардан, орта және шағын қалалардан және басқа да тұрғылықты жерлерден республикамыздың басқа аймақтарына орын ауыстырғысы келетін халықтар үшін қажет жағдайлар жасау;

- шетелдік техникалық және гуманитарлық көмектерді көрсету және оларды тиімді пайдалану.

Аймақтағы дағдарыстың нақты белгілері мынадай:

- өндіріс қарқынының төмендеуі;

- халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі (адам басына шаққандағы табыс көрсеткішінің төмендігі);

- жұмысбастылыққа қатысты жағымсыз тенденциялардың басым болуы (жұмыссыздықтың жоғары деңгейі);

- демографиялық, экологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мәселелердің күшеюі және т.б.

Аймақтар экономикасын мемлекеттік реттеу – еліміздің және оның жекеленген аймақтарының экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге қойылған мақсаттарына жетуді көздейтін мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Ал аймақтық саясаттың мәні – жалпы ұлттық мақсаттарға жету

үшін аймақтық дамуды тиімді басқару болып табылуы керек [8, 1-6 б.].

Қорытындылай келгенде Президенттің Қазақстан халқына өзінің Жолдауында еліміздің және оның экономикасын, халқымызды бәсекеге қабілетті ету жөнінде өте жауапты міндет қойды. Мемлекетіміздің Президенті биылғы Жолдауын «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» деп атады. Бұл – өте маңызды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері халықаралық нарыққа мұнай, газ және қара түсті, сирек, бағалы металдармен уран өнімдерін шығаратын ел ретінде белгілі болғаны мәлім. Екінші жағынан, біздің өзіміз де сырттан көптеген тауарлар айналымға түсіріп отыр, яғни Қазақстанда ашық экономика қалыптасқандығы көрінеді. Және де біздегі сыртқы сауда көлемінің ішкі жалпы өнімге қатынасы АҚШ және Жапония секілді дамыған елдерге қарағанда біршама жоғары. Құрама Штаттарда импорттың көлемі өте мол және Жапониядан шығатын экспорт көлемі орасан екені белгілі. Оларда сыртқы нарыққа көбірек тәуелді екенімізді көрсетеді. Сондықтан бізге мемлекет ретінде қалыпты жұмыс істеу үшін тұтастай алғанда экономикамыз бәсекеге қабілетті болу керектігі сөзсіз [9, 2-б.].

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы //Қазақстан экономикалық,

әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында, Астана: Елорда, 2005. – 8-17 б.

2 Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының проблемалары мен алғы шарттары. Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы, тезистері. – Түркістан-Қазақстан. Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ. – 2001. – 47-49 б.

3 Некоторые проблемы и особенности социально-экономического развития региона. Халықаралық конференцияның еңбектері. – 3-бөлім. – Алматы: Қаз ҰТУ. – 2001. – 205-209 б.

4 Кәсіпкерлікті қолдау – елдегі әлеуметтік мәселелерді шешудің негізгі жолы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция тезистері. – Түркістан-Қазақстан. Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, 2001. – 202-206 б.

5 Аймақтың әлеуметтік даму мәселелері мен жетістіктері «Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңарту» атты Орта Азия елдерінің II Түркістан интеграциялық форумы. – 2006. 341-343 б.

6 http://www.testent.ru/load/studentu/ehkonomika/memleketti_leumettik_zh_ne_ajma_ty_sajasattaryny_zh_dyly_tary/51-1-0-1247 1-2 б.

7 Өнеркәсіп – ел экономикасының жетекші саласы // Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ хабаршысы. Түркістан. – 2009. – №1. – 350-354 б.

8 <http://magister.kz/referat/show/199/68/1-6> б.

9 Сағадиев К.С. Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек // Егемен Қазақстан. – 5 мамыр. – 2004. – 2 б.

А.Б. Саурамбекова

Аспекты развития промышленной отрасли, дающие возможность повышения регионального социально-экономического положения

В данной статье приведены основные понятия и термины, которые используются в исследованиях проблем управления развитием организационных систем. Автор показывает новые подходы улучшения всей республиканской экономики и обеспечение развития региональной экономики. Основной задачей региональной экономики является разработка стратегии регионального социально-экономического развития.

Ключевые слова: региональное социально-экономическое развитие, развитие индустрии, рыночная экономика, промышленная отрасль, государство, экономика, индустриализация общественного производства.

A.B. Saurambekova

Aspects of the industrial sector's development that give upside potential of the regional socio-economic status

In this article shows the basic concepts and terminology that used in study of the problems of development management organizational systems. The author shows new approaches to improve the entire Republican economy and ensuring the development of the regional economy. The main objective of the regional economy is the development of a strategy of regional socio-economic development.

Keywords: Regional socio-economic status, industrial development, market economy, industrial economy, polity, economy, industrialization of social production.